

БҰЙРЫҚ

Шалқар қаласы

№2-464

19.10.2023 жыл

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығын құру туралы

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесінің 2023 жылғы 15 тамыздағы № 4 хаттамасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен 04.09.2023 жылы өткен №28 кеңестің хаттамалық тапсырмасы және Ақтөбе білім басқармасының 03.10.2023 жылғы №2-4423 санды қатынасына сәйкес Шалқар ауданының білім бөлімі 18.10.2023 жылғы №1-1009 бұйрығын орындау мақсатында

Бұйырамын:

1. Мектептің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту мақсатында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы құрылсын;
2. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жетекшілігіне директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Е.О.Избасаров, А.К. Жиеналина бекітілсін;
3. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы бағдарламасының жүзеге асырылуы мектеп тәлімгері Б.Қуанышова, әлеуметтік педагогтер А.Бекетова, Ж.Досқожаева, мектеп психологтері Р.Айболатқызы, М.Жанұзақова, қосымша білім беру педагогы А.Шанкина, ұйымдастырушы педагог Б.Дауитова, Н.Дауысбаева, 1-11 сынып жетекшілеріне жүктелсін;
4. Орталық қызметін ұйымдастыруда оқу кабинеттерін педагогтерге бекіту, ата-аналармен сабақ өтуі үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, техникалық қызметкерлердің жауапкершілігін күшейту, сабақ өту барысында санитариялық-гигиеналық талаптар мен мектепке бөгде адамдардың кірмеуін қамтамасыз ету шаруашылық жөніндегі бойынша директор орынбасары Г.Утегеноваға жүктелсін.
5. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмысын жоспарлауда ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдағы № 1 қосымша «Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы» негізге алынсын;
6. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының бағдарламасына сәйкес ата-аналарға арналған оқыту кестесі құрылсын.
7. Ата-аналармен өткізілген іс-шаралардың ақпаратын әлеуметтік желілерге, БАҚ жариялау А.М.Шанкинаға жүктелсін;
8. Педагогтер мен сынып жетекшілерге ата-аналармен сабақ өтуге қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету мектеп кітапханашылары Л.Досалина, И.Изтілеуоваға жүктелсін.

9. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы жанынан «Даналық» мектебі құрылсын.

9.1. «Даналық» мектебінің жұмыс барысында «Аталар, әкелер, ағалар» және «Әжелер, аналар, жеңгелер» ақыл-кеңес, үлгісі енгізілсін;

9.2. «Даналық» мектебінің жетекшілігі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Е.О.Избасаров, А.К. Жиеналина бекітілсін;

9.3. «Даналық» мектебінің жұмыс жоспары құрылсын;

9.4. Орталық қызметін мектепшілік бақылауға алу, мектепшілік бақылау жоспарының бөліміне, тармағына өзгерістер енгізу мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары А.Кунановаға, Ж.Есенамановаға жүктелсін.

10. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Е.О.Избасаровқа, А.К.Жиеналинаға жүктелсін.

Мектеп директоры:

Р.Қ.Басмаганбетова

«БЕКІТЕМІН»

Мектеп директоры:

Р.Қ.Басмағанбетова

«___» _____ 2023жыл

«№8 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
2023-2024 оқу жылындағы 1-4 сынып оқушыларының
ата-аналарын педагогикалық қолдау бойынша жұмыс жоспары

№	Тақырыбы	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Отбасы – бақыт бесігі Ата-ана өмірінің басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу	1. Балалардың әл-ауқаты оның бақытты өмірінің негізі 2. Ата-ананың баланың әл-ауқатына жауапкершілігі 3. Кішкентай балалардың жас және әлеуметтік ерекшеліктері 4. Отбасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру: ата-ананың балаға назар аударуы, қолдау, позитивті қарым-қатынас, өзара түсіністік, сенімге құрылған қарым-қатынас 5. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген отбасылық тәрбие әдістері	13-қазан	Жұмыс тобы Сынып жетекшілер Г.Айназарова Б.Дощанова
2.	Білімдіге дүние жарық. Таным қуанышы: баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз?	1. Баланың жеке басын дамытудағы мектепке бейімделуінің маңызы 2. Баланың танымдық қабілеттерінің даму деңгейін және мектепке бейімделуін диагностикалау 3. Баланың есте сақтау қабілетін, зейінін, ойлауын және қарым-қатынас жасау дағдыларын ұлттық мәдениет негізінде дамыту әдістері 4. Үй тапсырмасы: көмектесеміз бе әлде... 5. Балалардың оқуға қызығушылығын арттыру үшін отбасы мен мектептің өзара әрекеті	15-қараша	Жұмыс тобы Сынып жетекшілер Г.Сүндетбаев а Б.Бекенова
3.	Әрбір бала – жарық жұлдыз Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз?	1. Баланың ерік-жігері мен мінезін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу 2. Баланың оқуына, мінез-құлқына және жасауына қарым-қатынас жасауына темпераменттің әсері. Ауру қалса да, әдет қалмайды. 3. Баланың даралығын темпераментіне сәйкес қалай ашуға болады? 4. Әр баланың бірегейлігін ашудағы отбасы мен мектептің өзара әрекеті.	15-желтоқсан	Жұмыс тобы Сынып жетекшілер А.Отарова Л.Тлесова
4.	Баланы жастан... Бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны қалай дамытуға болады?	1. Ойындар – баланы дамытудың негізгі құралы. 2. Интеллектуалды ойындар және олардың бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны дамытуға әсері. 3. Балалар мен ата-аналарға арналған ұлттық және отбасылық интеллектуалдық ойындар. 4. Баланың тапқырлығы мен эрудициясын дамытуда отбасы мен мектептің өзара әрекеті	15-қаңтар	Жұмыс тобы Сынып жетекшілер Л.Сексенбаев а Н.Молбай

5.	Құмар ойындары – тәуелділік қақпаны Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады?	1. Компьютерлік ойындардың баланың психикасына әсері 2. Интернетті пайдалану режимін сақтау 3. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен. Баланы ойынға тәуелділіктен қалай қорғауға болады? 4. Компьютерлік ойындарға балама ретінде: спорт, белсенді ойындар, шығармашылық, оқу, серуендеу, театр және т.б.	15-ақпан	Жұмыс тобы Сынып жетекшілер А.Рахметова С.Табынбаева
6.	Сенім арту – жетістік кепілі Қиын жағдайда баланы қалай қолдау керек?	1. Бала өміріндегі қиындықтар 2. Агрессия, өтірік айту, ашулану және басқа қиын жағдайлардағы баланың сезімі. Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала 3. Қиын жағдайға қалған балаға түсіністікпен қарау 4. Қиын жағдайға қалған баланы қолдаудың тиімді жолдары 5. Жағдайды шешуде баланың күшті жақтарына сүйену	15-наурыз	Жұмыс тобы Сынып жетекшілер Г.Қабылова А.Нурадинова
7.	Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер	1. Отбасында уақытты бірге өткізудің пайдасы. 2. Ата-ананың күнделікті өмірде үлгі болатын маңызды қасиеттері. 3. Балаға жақсы әдеттерді үйрету. 4. Уәдесін орындау – ата-ананың ең басты қағидасы. 5. Балапан ұядан не көрсе, ұшқанда соны іледі.	15-сәуір	Жұмыс тобы Сынып жетекшілер А.Сағынбаева Г.Тәжиева
8.	Тәліммен өрілген біздің дәстүр Дәстүрлер отбасылық әл ауқаттың негізі ретінде	1. Отбасылық дәстүрлердің өзектілігі. Отбасылық дәстүрлер – отбасындағы қарым-қатынасты нығайтудың, сенімнің, сүйіспеншіліктің көрінісі. 2. Тәрбие тәлімнен. Тату үйдің тамағы тәтті. Отбасылық дәстүрлер мен хоббиердің отбасының бірлігіне ықпалы. 3. Отбасылық дәстүрлерді әдетке айналдыру жолдарын үйрету: практикалық әдістер. 4. Мектеп пен ата-аналардың отбасылық дәстүрлерді сақтаудағы өзара байланысы, өзара құрмет және жаңа дәстүрлер қалыптастыру 5. Ұлттық дәстүрлер мен отбасылық дәстүрлердің сабақтастығы	15-мамыр	Жұмыс тобы Сынып жетекшілер Н.Алдиярова

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Е.Избасаров
А.Жиеналина

«БЕКІТЕМІН»

Мектеп директоры:

_____ Р.Қ.Басмағанбетова

« _____ » _____ 2023жыл

«№8 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
2023-2024 оқу жылындағы 5-9 сынып оқушыларының
ата-аналарын педагогикалық қолдау бойынша жұмыс жоспары

№	Тақырыбы	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Баланың бас ұстазы – ата-ана Позитивті тәрбие	1. Жасөспірімдердің жас және әлеуметтік ерекшеліктері. 2. Ата-ананың бала тәрбиелеудегі міндеті – қателіктерді, кемшіліктерді, ауытқуларды түзету емес, жасөспірімге оң әсер ету. 3. Позитивті ата-ананың ерекшеліктері: жағымсыз көңіл-күйден жағымды эмоциялардың басым болуы; жасөспірімнің бойындағы ізгі қасиеттерге назар аудару, күшті және жағымды мінез-құлық қасиеттерін дамыту. 4. Позитивті тәрбиенің принциптері мен ережелері. Позитивті тәрбиенің ұлттық бастаулары. 5. Ата-ананың позитивті тәрбие нәтижесіне қанағаттануы және психологиялық саулық.	18-қазан	Жұмыс тобы Сынып жетекшілер Ж. Изтлеуова Г.Төлешова
2.	Ақыл айтпа, жол көрсет Жасөспірімнің бейімделуі	1. Жасөспірімнің физиологиялық (тұрғыда) бейімделуі, оның іс-әрекетін жақсарту жағдайлары. Ұлттық тамақтану мәдениеті – жасөспірімнің физиологиялық бейімделуінің мүмкіндігі. 2. Жасөспірімнің әлеуметтік-психологиялық бейімделуі: негізгі қиындықтар. 3. Өзінді өзің сыйламасаң, өзгеден сый дәмепте. Бейімделу процесіне жасөспірімнің өзін-өзі бағалауының әсері. 4. Жасөспірімнің отбасындағы қарым-қатынас дағдыларын дамыту. 5. Жасөспірімнің табысты әлеуметтенуіндегі отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі.	17-қараша	Жұмыс тобы Сынып жетекшілер Г.Есенқазақова А.Сатыбалдина
3.	Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер	1. Мүшел жас. Жасөспірімнің жастық дағдарыстары, олардың көріністерінен шығу жолдары. 2. Ата-аналар мен балалардың ортақ мүдделері – олардың өзара түсіністігінің негізі. 3. Жасөспіріммен қалай қарым-қатынас жасау керек, конструктивті келіссөздер. 4. Бір күндік ұрыстың қырық күндік қырсығы бар. Жанжал және оларды шешу жолдары. 5. Ата-ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланысты сақтаудың шарты – кешіре білу.	15-желтоқсан	Жұмыс тобы Сынып жетекшілер М.Мапүтова К.Ермекбаева
4.	Бұлақ көрсен, көзін аш. Тұлғаның	1. Отбасы жағдайында жасөспірімнің шығармашылық ойлауын дамыту әдістері. 2. Ертегі ойлап табуға үйрету. 3. Қазіргі отбасында балалар шығармашылығын	17-қаңтар	Жұмыс тобы Сынып жетекшілер

	бойындағы шығармашылықты дамыту	дамытудағы ұлттық ойындардың маңызы. 4. Балалармен жүргізілетін шығармашылық әрекеттің тиімділігін арттыру. 5. Шығармашыл тұлғаны дамыту үшін отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі.		Ә.Ешниязова Р.Отарова
5.	Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері. Жасөспірімнің желідегі әрекеті	1. Интернет және жасөспірімнің желідегі әрекетінің формалары. 2. Жеткіншектердің интернетті пайдалануы: проблемалар, салдары және мүмкіндіктері. 3. Ата-ананың жасөспірімді кибербуллингтен және интернет кеңістігіндегі қауіпті көздерден қорғау алгоритмі. 4. «Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дер...» Желідегі жасөспірімнің мінез-құлқына тәрбиенің әсері. 5. Жасөспірімнің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мектеп пен ата-ананың өзара әрекеті.	16-ақпан	Жұмыс тобы Сынып жетекшілер Г.Букаева И.Бухаева
6.	«Әр нәрсенің өлшемі бар...» «Қажеттілік» пен «қалау» арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады	1. Жасөспірімнің қажеттіліктері мен қалаулары. 2. Жасөспірім бойындағы қиын мінез-құлықтың белгілері. 3. Жағымсыз эмоциялармен жұмыс істеу алгоритмі. 4. Ашу – дұшпан, ақыл – дос. Өзін-өзі реттеу жолдары. 5. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу.	18-наурыз	Жұмыс тобы Сынып жетекшілер А.Рышова Э.Смайлова
7.	Жасөспірімдермен қарым-қатынас құпиялары	1. Жасөспірімнің өміріндегі ең маңызды нәрсе – достық. 2. Қазіргі балалардың достығы. Жасөспірім субмәдениеттері. 3. Жасөспірімдер арасындағы қатығыстар. Қорқыту. Әдепсіз өскен адамнан, тәртіппен өскен тал жақсы. 4. Ата-аналардың мінез-құлық стратегиялары. 5. «Қабылдау», «құрметтеу», «шынайылық» сияқты ұлттық құндылықтар – адамдар арасындағы жағымды қарым-қатынастың негізі.	18-сәуір	Жұмыс тобы Сынып жетекшілер А.Когамбаева А.Жубаева
8.	Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына Құндылықтар – отбасы бақытының негізі	1. Отбасылық құндылықтарды қолданудың өзектілігі. 2. «Көңіл кең болса, үйдің тарлығы білінбес»: Қонақжайлылық – отбасы құндылықтарының негізі. 3. «Мейірімді ата – Мейірімді бала». Ұлттық құндылықтарды отбасында қалыптастыру және сақтау жолдары. 4. Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиеті – отбасының құндылығы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлерді талқылау және қолдану. 5. Жасөспірімдер арасында ұлттық құндылықтарды	17-мамыр	Жұмыс тобы Сынып жетекшілер Б.Майтанова

		сақтауда мектеп пен ата-ананың өзара әрекетінің маңызы.		
--	--	---	--	--

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Е.Избасаров
А.Жиеналина

«БЕКІТЕМІН»

Мектеп директоры:

_____ Р.Қ.Басмағанбетова

« ____ » _____ 2023 жыл

«№8 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
2023-2024 оқу жылындағы 10-11 сынып оқушыларының
ата-аналарын педагогикалық қолдау бойынша жұмыс жоспары

№	Тақырыбы	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...	1. Жоғарғы сынып оқушыларының жас және әлеуметтік ерекшеліктері 2. Позитивті ата-ана тәрбиесі – жоғары сынып оқушысының өз болашағын өз бетінше құруға қалауы мен қабілетін қолдау 3. Тұлға дамуының негізі – өз бетінше әрекет ету 4. Ұлттық этика негізінде заман талабына сай өзін-өзі тәрбиелеу әдістері	20-қазан	Жұмыс тобы Сынып жетекшілер Р.Жұмабаева
2.	Көркем мінез – баға жетпес байлық	1. Эмоционалды интеллект және оның адам өміріне әсері 2. Эмоционалды интеллекттің құрылымдық компоненттері: өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, эмпатия, қарым-қатынас жасау, (шешім қабылдау) 3. Күйзеліс кезіндегі мінез-құлық алгоритмдері мен тиімді тәсілдер 4. Өсіп келе жатқан балалармен қарым-қатынас мәдениеті 5. Сезім көрінісіндегі ұлттық ерекшеліктер	20-қараша	Жұмыс тобы Сынып жетекшілер Г.Кенжалин а
3.	Сен жанбасаң лапылдап...	1. Кәсіп – өзін-өзі жүзеге асырудың негізі 2. Темперамент, қабілет, мінездің ерекшеліктерін ашу – өзін көрсетудің кілті 3. <i>Ұлы жол үйіңнің табалдырығынан басталады.</i> Балаңызға мамандық пен кәсіп түрлерін таңдауда қалай көмектесуге болады 4. Жоғары сынып оқушысының болашағын анықтауына кедергі болатын қиындықтар 5. Бойындағы бейімділікті дәл табу – өмірдегі бақыт пен табыстың негізі	20-желтоқсан	Жұмыс тобы Сынып жетекшілер А.Нағыметуллаева
4.	Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы	1. Тәуелділік түрлері (тамақ, алкоголь, есірткі, химиялық заттар, вейп, құмар ойындар және т.б.) 2. Оқушы бойындағы тәуелділіктің белгілері 3. <i>Сынықтан өзгенің бәрі жұғады.</i> Тәуелділіктің алдын алу шаралары 4. Тәуелділіктің алдын алуда отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі	19-қаңтар	Жұмыс тобы Сынып жетекшілер Б.Бошимова
5.	Жақсыдан қашпа, жаманға баспа...	1. Жоғарғы сынып оқушыларының интернет қауіпсіздігі 2. Жоғарғы сынып оқушыларының ойынға тәуелділігін диагностикалау 3. Жоғарғы сынып оқушыларының әлеуметтік желілер мен интернетке тәуелді мінез-құлық 4. Интернетке тәуелділіктің алдын алу шаралары 5. Әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігіне	20-ақпан	Жұмыс тобы Сынып жетекшілер Г.Нуриманова

		тәуелділіктің алдын алу бойынша отбасы мен мектептің өзара әрекеті		
6.	Күйзелістен шығар жол	1. <i>Көңіл жақсы болғаны – өмір жақсы болғаны.</i> Сіздің ресурстық жағдайыңызды қалай қолдауға болады. Стресстен арылу әдістері 2. Эмоцияны бақылау – стресстен, күйзелістен шығудың жолы 3. Агрессия, депрессия, суицидтік мінез-құлық және стресстің басқа да экстремалды көріністері 4. Қателесу – тәжірибе жинауға мүмкіндік береді 5. Баланың күйзеліске төзімділігін қамтамасыз етудегі мектеп пен отбасының өзара әрекеті	20-наурыз	Жұмыс тобы Сынып жетекшілер А.Қалдина
7.	Сүйіспеншілік – сыйластық кілті	1. Махаббат – отбасындағы эмоционалды тепе-теңдіктің негізі. 2. «Айналайын» ұғымы, отбасында балаға жан-жақты қолдау көрсету 3. Эмоцияны білдірудегі шынайылық. Эмоционалды манипуляция. 4. Жоғары сынып оқушысымен «арнайы» тақырыптарда қалай сөйлесуге болады	19-сәуір	Жұмыс тобы Сынып жетекшілер
8.	Атадан өсиет, анадан қасиет	1. Халық дәстүрі мен отбасы дәстүрінің байланысы. Ұрпақтар сабақтастығы алдыңғы ұрпақтан жастарға білім, құндылықтар, көзқарастар мен дәстүрлердің берілуі 2. <i>Ананың ізін қыз басар, атаның ізін ұл басар.</i> Әке мен ананың отбасындағы рөлі 3. Отбасы тәрбиесінде міндетті түрде ескерілетін мәселе – қазіргі балалардың даму ерекшеліктері 4. Қазіргі құбылмалы қоғамда отбасылық дәстүрлерді сақтау	20-мамыр	Жұмыс тобы Сынып жетекшілер

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Е.Избасаров
А.Жиеналина